

ОӘЖ 791.43

КИНО ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ МУЗЫКА ӨНЕРІ

*Ергешова Сүйрік, Турганжанова Дильназ, Сагидоллаева Мерей,
Ауезхан Айша, Жанназарова Динара, Исахан Аяулым,
Ғабитова Эльмира, Жеңіс Іңкәр*

*3-курс студенттері, 6В11102-Мәдени-тынығу жұмысы білім беру
бағдарламасы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

Ғылыми жетекші: Аға оқытушы Дүйсенбай Жамиля Ахмет-Алиқызы

Мақалада музыканың қазақ кино индустриясындағы соның ішіндегі трагедия, комедия, драма, экшен жанрларындағы фильмдер мен сериалдардың рөлі мен жеткен жетістіктері баян етіледі.

Кілт сөздер: Кино, музыка, жанр, үйлесімділік, композитор.

Кіріспе. Музыка — әрбір адамзат қауымдастығына белгілі бір түрінде тиесілі өнер. Ол салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қозғалыс үйлесімділігі, қарым-қатынас және ойын-сауық тәрізді әртүрлі қоғамдық мақсаттар үшін пайдаланылады.

Өзінің эмоциялық әсері арқылы музыка адамзат тарихында, мәдени-тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарады. Музыка адам сезімін, ойын, оның ерік-күшін дыбыстық формада суреттейтін қатынас құралы десек те болады. Адамның жан дүниесін, көңіл-күйін, сезімін бейнелеуде, дәлірек айтқанда, өзін қоршаған ортаға эмоциялық қатынасын білдіретін сөйлеу тіліне айналады. Адам эмоциясын нақтылы, ерекше сезіммен бейнелеуде музыканың мүмкіндігі мол. Сондай-ақ музыка идеялар әлемін, әр алуан құбылыстарды және болмыс шындығын суреттейді.

Музыкада сырт көрініс, яғни бейнелеушілік аз рөл атқарады. Пластикалық өнерден, әдебиеттен, театрдан айырмашылығы – ол образдарды түгелдей дыбыстық үн құралдары арқылы суреттейді. Музыка, табиғат көрінісін көркем бейнелеу кезінде де кездесіп отырады. Мысалы, табиғат үні: жел гуілі, судың гүрілі, құстың әні, немесе, адамның дауысы, күнделікті өмірде кездесетін дыбыстар музыкада азды-көпті көрініс табады. Осы арқылы кино, телесериалдар, мультфильмдер тағы да басқа көгілдір экранға шығатын туындылар өзіндік бір бояуға ие болып, мән мағынасы ашылатыны сөзсіз.

Қазақ кино индустриясындағы музыка өнері жайында сөз қозғамастан бұрын фильмдерде, сериалдарда жиі естіп жүрген саундтрек сөзінің мағынасын ашып алсақ. Ағылшын тілінен аударғанда «soundtrack» дыбыстық жол деген мағынаны білдіреді. Саундтрек деп кез келген материалдың музыкалық сүйемелдеуді, мысалы, фильм, мюзикл, аниме, телешоулар, компьютерлік ойындар, кітаптар және т.б. ұйғарамыз. Сондай-ақ осы музыкалық сүйемелдеудің композициялары бар музыкалық альбомды да саундтректер деп қарастыра аламыз. Бастапқыда киноиндустрияның өндірушілері фильмде айтылатын әндер бар альбомдар шығарған болатын. Мұндай альбомдар «фильмнің түпнұсқа дыбыстық трекіндегі музыка» деп аталды. Кейінірек мұндай альбомдардың атауы қарапайым «саундтрекке» дейін қысқарды. Саундтректер бастапқыда кинокомпаниялардың жарнамасы ретінде ойластырылып, фильмге деген қызығушылықты арттыру үшін шығарылған деседі. Алғашқы коммерциялық саундтрек 1938 жылы Уолт Дисней киностудиясының «Ақшақар мен жеті ергежейлі» мультфильмінің саундтрегі болыпты. Мультфильм әлем көрерменінің көзайымына айналған соң, бұдан кейінгі фильмдер де біртіндеп ән жаза бастады.

Жалпы фильмге арналған музыкалар мен әуендер тағамға арналған дәмдеуіш сияқты. Оларсыз сіз болып жатқан оқиғаны білесіз, бірақ одан толық ләззат ала алмайсыз. Музыкалық сүйемелдеудің ең айқын және сонымен бірге басты мақсаты-әр түрлі көріністерді көргенде көрерменнің эмоциясын күшейту. Түрлі көріністер және фильм идеясын көрерменге жақсырақ жеткізу үшін музыканттар және топтар «музыкалық үлгілерді» ойнады. Мелодрамада романстар, комедияда шерзолар, шытырман оқиғалы фильмдер ырғақты және күрт әуенмен сүйемелденді. Киномузыканы талдауда И. Фролов, Т. Корганова сынды зерттеушілердің анықтамалары бойынша саундтрек фильмнің «мағыналық көркемдік концепциясын жасаушы және мәнерлі құралдар кешені» болып табылады.

Өркениет қанат жайғаннан бері музыка адамның сенімді серігіне айналды. Ал кино өндірісі де музыкасыз дамуды тоқтататын еді. Біз практика барысында музыканың күнделікті өмірде тыңдайтын ескі және жаңа әндердің, кино индустриясындағы музыканың рөлін сонымен қатар көрерменге, адамдарға әсерін практика жүзінде көрсеткен болатынбыз. Өздеріңізде байқаған боларсыздар әр кинофильм музыкасыз дүниеге келмейді. Бәрінде аса ұзақ болмаса да бір қойылып алады. Кез келген жарқын-жарқын сценарий желілері музыкамен әрленеді. Сонымен қатар осы музыка жанры туралы талай кинофильм де жарыққа шыққан. Музыка жай өмірде де, өнерде де адамға күш беріп, шығармаға сән беріп келеді.

Қазақ кино индустриясындағы аты шулы фильмдер мен олардың музыкалары жайында сөз қозғасақ ең алдымен есімізге жақында ғана

көрерменге жол тартқан «Таптым-ау сені» киносының саундтрегі Дариға Бадықова мен Олжас Абай орындауындағы «Сезім үшін» әні есімізге бірден түсері анық. Фильм мен саундтрегі үйлесім тапқан бұл туынды кинотеатрлардан көрсетіле бастағаннан кейін небәрі 10 күн ішінде 1 миллиард теңге касса жинап, отандық фильмдер арасындағы рекордты жаңартты. Оған қоса, «Таптым-ау сені» киносының саундтрегі арнайы жазылды. Оның түпнұсқасы Ғазизхан Шекербековтің орындауында болғанымен, бірақ жаңа нұсқасы көрерменнің жүрегінен жол тапты. Қазір ол бейнебаян YouTube-та 15 миллион қаралым жинаған. Бұл тізімге «Zhezduha» фильмінің саундтрегі «Сөйле қазақша» әнін де жатқыза аламыз, трендтегі әндердің қатарына кіріп, бейнебаяны 360 мың қаралым жинаған. Әннің танымал болуына, Tiktok платформасының да ықпалы өте үлкен болды. Сонымен қатар, «Брат или брак» фильмінде назардан тыс қалдыру мүмкін емес сияқты. Бұл фильмінде 3 бөлімі көрермен назарына ұсынылған. «Брат или брак 1» бөлімінің саундтрегі Камшат Жолдыбаева орындауындағы «Тағы да сүй» әнімен танылса, 2-ші бөлімінде Ринат Гайсин орындауындағы «Сүйемін» әні және 3-ші бөлімінде Қайрат Нұртас орындаған «Сен менің адамымсың» әндерін көрермен көңілінен шыққан туындылар деп білеміз.

Кино индустриясында халыққа танымал, есте қаларлық қазақ сериалдары да жетерлік. «Ақжауын», «Тракторшының махаббаты», «Келінжан» сынды сериалдарды атап өтуге болады. «Ақжауын» сериалының саундтрегі «Мен сені сүйемін» Аугеедің орындауында болды. Айта кететін жағдай сериал мен саундтрегі жоғары деңгейде үйлесімді және ерекше есте қаларлықтай болды. Ал Баян Есентаева продюссерлік еткен «Тракторшының махаббаты» сериалының саундтрегі Ерке Есмахан орындауындағы «Асыл арман» әні болды. Бірақ саундтрек танымалға ие бола алды деп айта алмаймыз. Сондай-ақ «Келінжан» телесериалында атап өтсек болады. Телесериал 5 маусымнан тұрады. Саундтректері 1-ші маусымында Виа Дос Мұқасан орындауында, 2-ші маусымында Ильхан Исхан орындауындағы «Өмір-ай» әні, 3-ші маусымда Нұрлан Өнербаев орындауында «Ауылым» әні, 4-ші маусымда Қайрат Нұртастың орындауындағы «Жүрегімді аяймын» әні болса, ал 5-ші маусымда Ильхан Исхан орындауында «Сезім жоқ» әндері сериалға сән беріп, сериалды толық жеткізе алды деп айтсақ болады.

Қазақ кино индустриясындағы тек фильмдер мен сериалдардың саундтректері жайында ғана емес, сонымен қатар олардың жеткен жетістіктері мен түрлі марапаттары жайында айтып өтпеу мүмкін емес. Қазақстан бойынша өтетін музыкалық премиялар қатарына, «Саз әлемі», «Eurasian Music Awards», «Qazaq Music Awards», «Beu» фестивалі және т.б жатқыза аламыз.

Баян Есентаева продюссерлік еткен Қазақстандық “Саз әлемі” бағдарламасы қазақ эстрадасының жыл әнін анықтауға арналған ең алғашқы премия болып табылады. ЕМА Еуразиялық музыкалық премиясы немесе Ема

Eurasian Music Award — танымал музыка саласындағы Орталық Азия музыкалық премиясы. 2009 жылдан бастап MuzZone Орталық Азия музыкалық телеарнасының тәуелсіз сыйлығы ретінде марапатталды. Қазақстан әртістерін қолдау мақсатында Арманжан Байтасов негізін қалаған “Муза Фишка 2006” және “Муза Фишка 2007” музыкалық премияларының жалғастырушысы. Бұл премиялардың ішінде «Үздік саундтрек» номинациясын алған саны аз емес. Мысалы, 2012 жылы Евразиялық музыкалық премияда «Үздік саундтрек» номинациясына «Шал» фильмінің саундтрегін орындаушы Олжас Құрманбек ие болды. 2019 жылы дәл осы номинациямен «Томирис» фильмінің композиторлары Алим Заиров пен Ренат Гайсин марапатталып, жазған ән «Үздік саундтрек» деп танылып, жүлделі болды. Ал 2022 жылы «Веи» музыкалық фестивалінде «Отыздан асып барамын» фильмінің саундтрегі Ирина Кайратовна орындауындағы «Отыздан асып барамын» әні «Үздік саундтрек» деген марапатқа ие болған. 2023 жылы Мирас Жүгінісовтың «Бәрі өз қолыңда» фильмінде саундтрек болған «Саяхат» әні «Үздік саундтрек» деп танылып, дауыс берушілер ықыласына ие болды.

«Үздік саундтрек» номинациясы қазақ кино индустриясындағы музыка өнері бойынша соңғы жылдарда ғана қанат жайып келе жатқан номинация десек те болады. Дегенмен, қалыптасқанына көп уақыт өте қоймаса да, бұл номинацияны алғандар саны аз емес. «Үздік саундтрек» номинациясының алдағы уақыттарда көбеюі, киноиндустрияға жаңа леп әкеледі деген сенімдемін. Туындыларды әсерлі, әрі есте қаларлықтай ететін сапалы саундтрек, оны табысқа жетелейтіні сөзсіз.

Қорыта айтқанда, музыка режиссурасы адамның тек эмоциялық көңіл күйінде де емес көріп жүрген киноларымызда, қойылымдарда да үлкен рөл атқаратынын аңғаруға болады. Кинорежиссурадағы дыбыс пен музыканың рөлін бағаламауға болмайды. Олар фильмнің атмосферасын қалыптастыратын, эмоционалдық әсерді күшейтетін және кинематографиялық тәжірибені көрермен үшін тереңірек және есте қаларлық ететін негізгі элементтер болып табылады. Режиссерлер бірегей атмосфераны құру және фильмге деген көзқарасын жеткізу үшін дыбыстық және музыкалық шешімдерді мұқият таңдайды. Музыка толықметражды киноларда, телесериалдарда өң беру арқылы әрбір көрермендердің жүрегін жаулап кино индустриясының дамуына үлесі ретінде білеміз. Музыка кино, сериалдарға өзіндік атмосферасын береді. Саундтрек арқылы көптеген кинолар жарық көрмес бұрын өзіне біршама көрермен жинайды. Оған бірнеше рет куә болдық. Сонын арқасында бірнеше саундтрек «Үздік саундтрек» премиясын алды және де алууда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://e-history.kz/kz/news/show/33695>

2. [tps://kazgazeta.kz/news/127093](https://kazgazeta.kz/news/127093)
3. <https://informburo.kz/stati/ninety-one-madina-sadvakasova-i-101-poluchili-premii-eurasian-music-awar\ds-fotoreportazh.html>

МУЗЫКАЛЬНОЕ ИСКУССТВО В КИНОИНДУСТРИИ

*Ергешова Сүйрік, Турганжанова Дильназ, Сагидоллаева Мерей,
Ауезхан Айша, Жанназарова Динара, Исахан Аяулым,
Габитова Эльмира, Жеңіс Іңкәр*

В статье рассказывается о роли и достижениях музыки в казахской киноиндустрии, в том числе в фильмах и сериалах в жанрах трагедии, комедии, драмы, экшена.

Ключевые слова: Кино, музыка, жанр, гармония, композитор.

MUSICAL ART IN THE FILM INDUSTRY

*Yergeshova S., Turganzhanova D., Sagidollayeva M.,
Auyezkhan A., Zhannazarova D., Isakhan A.,
Gabitova E., Zhenis I.*

The article describes the role and achievements of music in the Kazakh film industry, including films and series in the genres of tragedy, comedy, drama, action.

Keywords: Movie, music, genre, harmony, composer.

REFERENCES

1. <https://e-history.kz/kz/news/show/33695>
2. [tps://kazgazeta.kz/news/127093](https://kazgazeta.kz/news/127093)
3. <https://informburo.kz/stati/ninety-one-madina-sadvakasova-i-101-poluchili-premii-eurasian-music-awar\ds-fotoreportazh.html>